

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шиелі ауданараптық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының 31.12.2021 жылғы №4099 бүйрігі негізінде

**«БЕКІТЕМІН»**  
**«Шиелі ауданараптық ауруханасы» ШЖҚ КМК**  
бас дәрігері Н.Ә.Әмір 2022 жыл

**«Шиелі ауданараптық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, ақылы медициналық және медициналық емес қызметті көрсету туралы ережесі**

### 1. Жалпы ереже

1.1. Осы ереже Қазақстан Республикасының ақылы медициналық және медициналық емес қызметті көрсету туралы заңнамасына сәйкес «Шиелі ауданараптық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның ақылы медициналық қызметті көрсету талаптары мен тәртібін анықтайды.

1.2. Ақылы медициналық және медициналық емес қызмет көрсету мақсаты тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс көрсетілетін әртүрлі медициналық көмектің түрлері мен аудан тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

1.3. Медициналық қызметті көрсету Денсаулық сақтау басқармасы арқылы берілген 12.03.2019 жылғы №19006098 санды Мемлекеттік лицензия және қосымшаларындағы медициналық және дәрігерлік қызмет көрсету қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді:

- Қазақстан Республикасы Конституациясының 29-бабымен;
- «Мемлекеттік мұлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңымен;
- «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаржасы есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 желтоқсандағы №864 қаулысымен;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-172/2020 бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қазанда № 21557 болып тіркелді(авто көлік жүргізу куәлігі үшін);
- «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы №405-V КРЗ. Қазақстан Республикасының Заңымен;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 29 қазан 2020 жылғы №КР ДСМ 170/2020 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қазанда №21559 болып тіркелді, осы бүйріғына сәйкес әзірленді «Шиелі ауданараптық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорның (бұдан әрі - Кәсіпорын) ақылы қызметтер көрсету тәртібі мен шарттарын айқындайды.

### Қазақстан Республикасы Конституациясының 29 бабы:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар.
2. Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы.
3. Мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

*Денсаулық сақтау басқармасының  
«Шиелі ауданараптық ауруханасы»  
бас дәрігері*

*Н.Ә.Әмір*

## **2. Ақылы медициналық қызметтер:**

- 1) пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде алгашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының және денсаулық сақтау үйімдарының жолдамасынсыз алгашқы медициналық-санитариялық көмек, диагностикалық және емдік қызметтер көрсету;
- 2) дәрілік формулярга енгізілген дәрілік заттармен емдеу;
- 3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кірмейтін медициналық зерттеулер жүргізу;
- 4) тиісті жолдамасыз санаториялық емдеу;
- 5) медициналық айғақтарсыз медициналық-генетикалық зерттеулер жүргізу;
- 6) азаматтарды жұмысқа кіру және оқуга түсу үшін медициналық зерттеп-қаралу;
- 7) үйіммен шарт бойынша, оның ішінде ерікті сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету;
- 8) қосымша сервистік қызметтер ұсыну;

9) Қазақстан Республикасы Конституциясының 1- бабы Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зايырлы, құқықтық және алеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары

3. Ақылы медициналық қызметтер пациент пен осы көрсетілетін қызметтерді ұсынатын денсаулық сақтау субъектісінің арасында жасалатын шарт негізінде көрсетіледі.

Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге арналған шарт мынадай негізгі талаптарды:

- 1) медициналық көмектің түрлері мен көлемін;
- 2) медициналық көмек көрсету мерзімдерін;
- 3) медициналық және медициналық емес қызметтерге арналған тарифтерді және оларды төлеу тәртібін;
- 4) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;
- 5) шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның қолданылуын тоқтату тәртібін;
- 6) тараптардың шарт міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті белгілеуін қамтуға тиіс.

4. Ақылы қызметтер көрсетудің түрлері мен олардың баға прейскуранты мемлекеттік, жеке же медициналық үйімдардагы және жеке же медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалардагы көрнекі ақпарат арқылы халықтың назарына жеткізіледі.

5. Мемлекеттік денсаулық сақтау үйімдарында ақылы қызметтер көрсетудің бағасы медициналық, сервистік қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығын түрлерін және өзге де қосымша шығыстарды ескере отырып айқындалады және ол жарты жылда бір реттен аспайтын жайлікпен қайта қаралуы мүмкін.

Ақылы қызметтер көрсетудің бағасы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі үшін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі белгілейтін осыған үқсас медициналық қызмет тарифінен төмендетілмей белгіленеді.

6. Азаматтарға ақылы қызметтер көрсеткен кезде есепке алу және есеп құжаттамасын жүргізу үәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша жүзеге асырылады.

7. Денсаулық сақтау үйімі азаматтар өтініш жасаған кезден бастап оларға ақылы медициналық қызметтердің уақытылы және сапалы көрсетілуі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

8. Денсаулық сақтау үйімдарында ақылы қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейді.

**Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 146 бабы «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары»**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның оларды өндіруге жүмсаган шығындарын толық өтеуге, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

2. Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын



*тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын белгілейді.*

*3. Табиғи монополиялар субъектілеріне немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайга ие нарық субъектілеріне жаратыны шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы», «Бағасекелестер туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының және табиғи монополиялар субъектілерінің немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайга ие нарық субъектілерінің баға белгілеудің реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.*

*«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 желтоқсандағы №864 қаулысы» мен*

Мыналар:

- 1) азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне 17697 теңге мөлшерінде базалықлауазымдық айлықақы белгіленсін;
- 2) азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне (бұдан әрі – ұйымдардың қызметкерлері) еңбекақы төлеу жүйесі уақыт бойынша және (немесе) кесімді еңбекақы төлеу жүйесі болып табылады деп белгіленсін.

Уақыт бойынша еңбекақы төлеу жүйесі:

1) азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша сыйыптауға сәйкес әзірленетін азаматтық қызметшілер лауазымдарының тіzlіmі негізінде.

Азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша сыйыптау қызмет саласына, біліміне, біліктілік деңгейіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне және жауапкершілік деңгейіне байланысты басқарушы, негізгі, әкімшілік және қосалқы персоналдардан қалыптасады;

2) азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, казыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша лауазымдық айлықақыларын (бұдан әрі – ЛА) есептеуге арналған базалық лауазымдық айлықақыға (бұдан әрі – БЛА) қолданылатын коэффициенттер;

3) жұмысшылар ЛА (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған БЛА-ға қолданылатын коэффициенттер;

4) ұйымдар қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар және үстемеақылар, сауықтыруға арналған жәрдемақылар мен өтемақылар;

5) Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлерінің шетел валютасындағы ЛА схемалары (тарифтік мөлшерлемелері) негізінде еңбекақы төлеуді қамтиды.

Кесімді еңбекақы төлеу жүйесі орындалған жұмыстың (көрсетілген қызметтің) немесе дайындалған өнімнің заттай өлшем бірліктерінде көрсетілген әр бірлігі (көлемі) үшін еңбекақы төлеуді көздейді.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес азаматтық қызметшілердің (білікті жұмысшыларды қоспағанда), мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлері лауазымдарының функционалдық блоктар бойынша сыныптамасы;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің (жұмысшыларды қоспағанда) функционалдық блоктар бойынша ЛА есептеуге арналған коэффициенттер;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жұмысшылардың ЛА (тарифтік мөлшерлемелерін) есептеуге арналған коэффициенттер;
- 4) осы қаулыға 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес ұйымдар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары;
- 5) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу шарттары (қызмет бабында пайдалану үшін);
- 6) осы қаулыға 24 және 25-қосымшаларға сәйкес ұйымдардың қызметкерлеріне үнемдеу есебінен сыйлықақы беру жүзеге асырылатын, материалдық көмек көрсетілетін және ынталандыруши үстемеақы белгіленетін шығыстар түрлерінің тізбесі бекітілсін.

### 3. Мыналар:

- 1) ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры ЛА (тарифтік мөлшерлемеден), еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылардан, азаматтық қызметшілердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосылатын бір ЛА (тарифтік мөлшерлеме) мөлшеріндегі сауықтыру жәрдемақысынан, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өтемақылардан айқындалады;

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Сауда өкілдігі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қоры шетел валютасындағы ЛА (тарифтік мөлшерлеме) негізге алына отырып айқындалады;

- 2) ұйымдар жұмыскерлерінің ЛА (тарифтік мөлшерлемелері) атқаратын лауазымдарының функционалдық блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне, тағайындалған біліктілік разрядтарына (жұмысшылар үшін) қарай олардың ЛА (тарифтік мөлшерлемесін) есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген БЛА мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады.

Заңнамага сәйкес ерекше мәртебе берілген мемлекеттік жоғары оқу орындарының мамандары мен қызметшілеріне ЛА (тарифтік мөлшерлемелер) ЛА белгіленген мөлшеріне арттыру коэффициентін қолдану арқылы айқындалады.

медицина және фармацевтика жұмыскерлерінің ЛА (тарифтік мөлшерлемелері) ЛА-ның белгіленген мөлшеріне: біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандарға (А блогының басқарушы персоналы, В1, В2 блогының негізгі персоналы):

- 2021 жылғы 1 қантардан бастап 2,02 мөлшерінде;  
2022 жылғы 1 қантардан бастап 2,63 мөлшерінде;  
2023 жылғы 1 қантардан бастап 2,73 мөлшерінде;  
біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі мамандарға (В3, В4 блогының негізгі персоналы):  
2021 жылғы 1 қантардан бастап 1,63 мөлшерінде;  
2022 жылғы 1 қантардан бастап 1,95 мөлшерінде;  
2023 жылғы 1 қантардан бастап 2,05 мөлшерінде түзету коэффициентін қолдана отырып айқындалады;

медицина және фармацевтика қызметкерлерін қоспағанда, азаматтық қызметшілердің, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің ЛА (тарифтік мөлшерлемелері) ЛА-ның белгіленген мөлшеріне:  
2022 жылғы 1 қантардан бастап 1,23 мөлшерінде;  
2023 жылғы 1 қантардан бастап 1,45 мөлшерінде;  
2024 жылғы 1 қантардан бастап 1,71 мөлшерінде;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2,0 мөлшерінде түзету коэффициентін қолдана отырып айқындалады.

- 2-1) (қызмет бабында пайдалану үшін);
- 2-2) (қызмет бабында пайдалану үшін);

3) өтемекілардың мөлшері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес айқындалады деп белгіленсін.

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы №405-В ҚРЗ.**

Осы Заң азаматтардың денсаулығын сактауға конституциялық құқықтарын іске асыру мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

## **2. Ақылы медициналық және медициналық емес қызметті көрсететін талаптары мен тәртібі.**

2.1 Ақылы медициналық және медициналық емес қызмет мына төмендегі жағдайларда көрсетіледі:

- 1) Емдеушілердің қалауы бойынша жоспарлы диагностикалық және емдік қызмет көрсеткенде, оның ішінде алғашқы медико-санитариялық көмек пен денсаулық сақтау мекемелерінің жолдамаларынызы;
- 2) Емделушілердің қалауы бойынша алдын-алу қызметін көрсеткенде;
- 3) Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға медициналық көмек көрсеткенде (халықаралық келісім шарттарда өзгеше көзделмесе);
- 4) Келісімшарт бойынша басқа мекемелермен оның ішінде медициналық және ерікті медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсеткенде;

2.2 «Шиелі ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның медициналық қызметі (оның ішінде ақылы қызметті), бекітілген ішкі тәртіпке, жұмыс тәртібіне, мамандарды қабылдау кестесіне сәйкес жүргізіледі.

2.3. Ақылы негіздегі қызметтер мен бағалар (прейスクрант) Облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының келісімімен, мекеме басшысының (бас дәрігер) бекітуімен көрсетіледі.

2.4. Бюджеттік қаражат есебінен сатылып медициналық құрал-жабдықтар кестесіне сәйкес ақылы медициналық көмек көрсету негізінде қолданылады.

2.6 «Шиелі ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның, сондай-ақ қызмет көрсететін тікелей маман Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады:

- 1) сапасыз көрсетілген медициналық қызмет үшін;
- 2) келісімшарт талаптарын орында маса немесе тиісті түрде орындалмаса;
- 3) емделушінің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе;
- 4) кіретін қызмет түрі үшін ақы төletкені үшін;
- 5) көрсетілген көмек үшін артық төлем төлегені үшін;
- 6) ТМКҚК түсім табу мақсатында диагностикалық және емдік манипуляцияларды негізсіз тағайындағаны үшін.

2.7 Ақылы негізінде медициналық көмек алған емделушілерге аурухана:

- Амбулаториялық-емханалық жағдайда көмек көрсеткен медициналық қызметкерлердің көртийндысын беріледі;
- стационарлық шартта медициналық көмек көрсеткен кезде сырқатнама тарихнамасынан көшірме беріледі.

## **3. Емделушінің құқығы мен міндеттері**

- 3.1 Емделушінің құқығы:
  - өзіне медициналық көмек көрсететін медицина қызметкердің біліктілігі туралы ақпарат алуға;
  - бөлімшениң емдеуші дәрігерінен және бөлімше басшысынан денсаулығы туралы, жүргізіліп жатқан емдеу курсы жайлы, диагностика және емдеу көлемі туралы ақпарат алуға;
  - алынған ем мен дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сапа сараптамасын өткізу үшін бекітілген тәртіpte тіркелген денсаулық сақтау басқармасы органдарына, медициналық қызмет сапасын бакылау органына, тәуелсіз медициналық сарапшыларға баруға;

- Емделуші міндettі;
- мекеменің ішкі тәртіпті мен жұмыс тәртібін сақтауға;
- медициналық нұсқауларды орындауға;
- коршаған ортаға қауып тудыратын сырқаты туралы өзіне белгілі ақпаратты ұсынуға;
- келісімшарт талаптарын сақтауға;
- көрсетілген қызметке дер кезінде төлем жүргізуге.

#### **4. Азаматтардың жекеленген санаттарына арналған женілдіктер туралы ақпарат**

4.1. Азаматтарды жұмысқа кіру және оқуға түсу, қаруға рұқсат алу, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-172/2020 бұйрығы авто көлік жүргізу қуәлігі үшін медициналық зерттеп-қарау, профилактикалық тексеруден 30 қазан 2020ж. ҚР ДСМ -175/2020 жылғы бұйрығына сәйкес медициналық құжсаттама нысандары туралы №175 бұйрығы негізінде №073/у, №075/у, №076/у. Санитарлық кітапшалар, «В» және «С» вирустық гепатиттерге тексеру айгақтар бойынша өткізу кезінде, медициналық көрсеткіш бойынша және пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының жолдамасынсыз қымбат тұратын зерттеулер келесі құрамдағы азаматтарға тегін жүргізіледі.

1) 18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, оған теңестірілген Ауған соғысының ардагерлері және Чернобыл апатына қатысқан азаматтар, мүгедектерге, көп балалы аналарға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» орденімен марапатталғандарға, зейнеткерлерге, Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне, тұрғылықты әлеуметтік көмек алушыларға (бұдан әрі-әлеуметтік қорғалмаған халық топтары) арнайы растайтын құжсаттары болған жағдайда.2). «Шиелі ауданаralық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның өз қаржылық мүмкіндік есебінен: **Халық арасынан әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы төмен отбасыларға жазбаша өтініши негізінде тегін жүргізіледі.**

4.2. Азаматтардың өздерінің қажеттілігіне карай жұмысқа кіру және оқуға түсу үшін медициналық зерттеп-қарау, «В» және «С» вирустық гепатиттерге тексеру кезінде, сараптама қымбат тұратын зерттеулер болғандықтан, жоғарыда көрсетілген құрамдағы азаматтарға, пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының **жолдамасынсыз келген жағдайда, медициналық қызмет ақылы жүргізіледі**.

#### **5. Ақылы негізінде көрсетілген медициналық көмек үшін есеп айырсу тәртібі**

5.1. «Шиелі ауданаralық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны медициналық тексерілуге келген емделушіге нақты көрсеткен қызметтер үшін, баға төлемдерін ұсынады.

5.2. Емделушілермен есеп айырсу төмендегі жағдайларда жүргізіледі:

- Мекеменің кассасына енгізу арқылы қаржыны қолма-қол төлеген кезде, емделушіге міндettі түрде фискалдық чек беріледі (*фискалдық чек, ағымдағы жыл ішінде ғана жарамды*).

5.3. Мына жағдайда емделушіге төленген қаржы немесе төленген қаржы арасындағы айырмашылығының құны қайтарылады:

- толық емес көрсетілген көмек кезінде;
- емделуші көмектен бас тартқанда;
- арнайы ем-шаралар мен манипуляцияның қарсы көрсетілімдері болғанда;
- егер медициналық көмек реактивтің болмауынан көрсетілмесе;
- медициналық аппаратуралардың істен шығуында;
- мамандардың болмауына.

#### **6. Ақылы негізінде медициналық қызмет көрсету бойынша есеп пен есептілікті жүргізу тәртібі**

6.1. «Шиелі ауданаralық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ның, Ақылы негізде көрсетілетін медициналық көмек (акылы медициналық қызметтерді) ҚР ДСМ 29.10.2020 жылғы «Денсаулық сақтау субъектілерінің акылы қызметтер көрсету қағидаларын және акылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрыққа сәйкес шарт негізінде көрсетеді, деректемелердің есептері мен есептемелері үшін барлық қажетті қызметтерді көрсетіп, тіркеу журналының үлгілерін құрастырып бекітеді, тіркеу

журналын жүргізу үшін жауапты тұлға (кассир, профпатолог), азаматтарды жұмысқа кіру және оқуға түсү үшін медициналық зерттеп-қарау, профилактикалық тексеруден өту кезінде ақылы негізінде жүргізілуі туралы қосымша түсіндірме жұмыстарын кәсіпорын зангер мамандары және дәрігер-профпатолог жүргізеді.

6.2. Бухгалтерлік есептеме ТМККК көрсету мен ақылы медициналық қызмет бойынша жүргізіледі.

### **7. Ақылы медициналық қызметтің көрсеткеннен түсекен қаражатты пайдалану тәртібі.**

7.1. Ақылы медициналық көмек көрсету қаржысын жұмсау деңсаулық сақтау басқармасы бекіткен шығындар сметасы негізінде жүргізіледі.

7.2. Ақылы медициналық қызмет көрсетуден алынған қаражат, мекеме басшысының (бас дәрігер) бұйрығымен келесі тәртіпте шығындар орнын толтыруға жіберіледі:

1) іс-сапар шығындары төленеді;

2) дәрі-дәрмектерді, материалды және басқа да медициналық бұйымдарды сатып алуға;

3) ғимаратты, құрал-жабдықтарды күтүге сонымен қатар ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізуға;

4) қызметтік қажеттілікке байланысты, қызметкердің жазбаша ұсынысына сәйкес күнделікті ықтималды басқа да шығындарға пайдалануға;

5) Ақылы қызметтің штаттық кестесіне енгізілсін қызметкерлердің ай сайынғы енбекақысына, тарификацияға сәйкес жұмыс қарқыны мен мамандықтар бойынша лауазымдық жалақының 25% дан 50% -ға дейінгі көлемінде қосымша үстеме жұмысқа ақы төлеу жұмыс берушінің (бас дәрігер) актісімен (бұйрықпен) рәсімделініп төленеді.

